



МҮҢРАҖ- ҚАЗАЛЫ



№51
(2116)
Сенбі
27 мамыр
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ОҢ БАҒАЛАНДЫ



Аудан әкімінің кездесуі «Сарыкөл» ауылдық округінде жалғасты. Ауылдық клубтың ауласында тұрғындармен кездескен аудан әкімі М.Оразбаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады. Сонымен қатар, ауылды газдандыру, көшелерді жарықтандыру және жол мәселесі жөнінде әңгімеледі.

Газдандыру жұмыстары маусым айында басталатынын, оған 376 млн.теңге қаржы бөлінгендігін жеткізді. Жарықтандыру келесі жылы шешімін табатынын айтты. Аудан әкімі тұрғындардың сұрағына жауап берді.

Ауыл ақсақалы Бердібаев Өмірбек ауылға ауданнан дәрігер бөлінуін сұрады.

Бұл сұраққа аудандық орталық аурухана басшысының орынбасары Күншығар Әбілов жауап берді. Ол алдағы уақытта Абай ауылында 438 млн.теңге қаржыға ауылдық амбулатория салынатынын айтты.

Жиында аудан басшысы аудан тұрғындарын ауызбіршілікке шақырып, айтылған ұсыныстар алдағы уақытта шешімін табатынын айтып өтті.

Тұрғындармен кездесу соңында ауыл ақсақалы

Түркменәлі Алпамыс бата берді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі Ақтан батыр ауылында жалғасты. Ауыл орталығындағы саябақта өткен кездесуде аудан әкімі М.Оразбаев ауыл тұрғындарын аудан тіршілігімен таныстырды. Ауыл тұрғындарының қойған сұрақтары мен ұсыныстарына жауап берді.

Ауыл тұрғындары ауылдағы көшелерді жөндеу және ауылда балабақша салу жөнінде әңгімеледі.

- 90 орындық балабақша құрылысын таяу арада бастап, күз айларында пайдалануға беремін,- деді жеке кәсіпкер Ләззат Бегалиева.

Жиында ауыл ақсақалы Сәрсенбаев Серікбай ауылда спорт кешенін салу жөнінде ұсыныс білдіріп, жайылымдық жерлердің жетіспейтіндігін баса айтты.

Ардагердің сауалына аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейітов жауап берді. Бөлім басшысы бес ауылда жайылымдық жер жетіспейтіндігін ескертіп, алдағы бір апта көлемінде жерді анықтап, жауап беретінін

айтты.

Аудан басшысы алдағы уақытта спорт кешенін ашу жөнін қарастыратынын жеткізді. Ауыл көшелерінің біріне жол жөндеу жұмыстарына, екі көшені жарықтандыру мақсатында қаржы бөлінетіндігін айтты.

Жиын соңында ауыл ақсақалы Ізбасхан Дауылбай батасын беріп, аудан басшысының алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Бірлік» ауылының тұрғындарымен кездесіп, ауданда атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар етті.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес ауылға электр желілерін орнату үшін қаржы бөлінетіндігін, керек құрал-жабдықтардың да қарастырылып жатқанын айтты. «Бірлік» ауылында салынатын ауылдық клуб, спорт кешенінің құжаттары дайын екендігін жеткізді.

Құрылысты атқаруға кәсіпкер, аудандық мәслихаттың депутаты Райымбек Бөлебаев көмек көрсететін болды.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Ордабаев «Қоламсақ» саябағын қайта жаңарту

жөнінде ұсыныс айтты.

Аудан әкімі ұсыныстың алдағы уақытта жүзеге асатынын тілге тиек етті.

Жиын соңында аудан әкімі тұрғындарды жеке қабылдады.

Ауыл тұрғындары аудан әкімінің атқарып жатқан жұмыстарына ризашылығын білдіріп, алдағы істеріне табыс тіледі.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Өркендеу» ауылдық округінің орталығы Жанкент ауылының тұрғындарымен кездесті. Кездесуде аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, ауыл тұрғындарымен пікір алысты.

Жиында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ауылда спорт кешенін салу қолға алынып жатқандығынан хабардар етті.

Ауыл тұрғындары ауылдағы бұлақты жөндеуге көмек сұрады.

-Бұл сауалдың шешімі келесі жылы шешіледі,- деді ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейітов.

Жиын соңында ауыл тұрғындары аудан басшысына табыс тілеп, ризашылықтарын білдірді.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен әкімдік және аппарат мәжілісі өткізілді.

Әкімдік мәжілісінде аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Совет Бабанаев аудандағы жұмыспен қамту мен әлеуметтік төлемдердің жайы туралы баяндады.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жайы туралы хабарлама жасады.

Басқосу аппарат мәжілісіне ұласып, маңызды мәселелер талқыланды.

Аппарат мәжілісінде 2023 жылға

арналған Қазалы ауданы әкімінің іс-қимыл жоспарының іске асырылу барысы туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев айтып берді.

2023 жылдың II жарты жылдығына баспасөзге жазылу барысы туралы аудандық қоғамдық даму бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жеңісбек Айымқұлов хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланғаннан кейін аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бірқатар басшыларға жұмыс қарқынын күшейту қажеттігін айтты. Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшыларына жұмыстарды жүйелі жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.

БАЙҒАБЫЛ ӘБСҰЛТАНОВ 70 ЖАСТА

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері Байғабыл Әбсұлтанұлын арнайы қабылдап, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Мұхтар Әуесұлы туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқан ме-

рейтой иесіне алғысын айтып, «Құрмет грамотасын» табыстап, иығына шапан жапты.

Өз кезегінде Байғабыл Әбсұлтанұлы аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да елдік шаруаларға белсене араласатындығын жеткізді.

АУДАН ӘКІМІ ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНА БАРДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласына арнайы барды.

Аудан басшысы Қазалы қаласындағы бірқатар көшелерге аялдады. Тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, жол сапасына аса қатты мән беру қажет екенін айтты.

Мұхтар Әуесұлы жастар алаңына да барды. Қазалы қаласының әкімі Рахметулла Ізтілеуге бірқатар тапсырмалар жүктеп, алаңның тазалығын жөндеу бақылауда ұстауды сөз етті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕЙІК!



Қазақта «Баланы жастан...» деген сөз бар. Осыны ойға алсақ, қазіргі кезде бала немесе жастар тәрбиесі қандай бағытта жүріп жатыр деген сұрақ туындайды. Тәрбие жайында сөз етсек, алдымен ұлттық идеологияны бірінші орынға қойып, өз халқымыздың қадір-қасиетін түсінуіміз керек. Біз кереметті үнемі сырттан іздейміз. Бұрынғы ата-бабаларымыздың құнды дүниелері жабулы күйінде жатыр. Үш жүз жылдай боданда болып, ұлттық идеологиядан ажырап қалдық. Бір ғана жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүріміздің өзі жалпы адамзатты таңқалдыратын дүние ғой. Басқа ешбір халықта «табиғи сұрыптаудың» мұндай тәсілі жоқ. Осы арқылы біз бүкіл тектік қасиетімізді сақтап отырмыз. Мұның өзі үлкен тәрбие. Жазушы-дәрігер, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Махамбет сыйлығының лауреаты, профессор Советхан Ғаббасов жаңа кітабында ұлттық педагогиканың негізін түсіндіреді. Онда тәрбиенің жеті түрлі негіздерін ұсынады. Оған зер салар болсақ, бірінші отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы.

Жарық дүниеге келетін кез-келген нәрестенің кейінгі қасиеттері әуелі ата қанымен барып, ана құрсағына түсіп, пайда болуынан басталатыны анық.

Қазақ шаңырағына ұл немесе қыз келсе, қызды жібектей етіп тәрбиелеп, тегі бұзылмаған «текті жерге» ұзатып отырған. Ұлды алтын асықтай етіп өсіріп, «Жеті жұрттың қамын жейтін» ел азаматындаярлап отырған. Одан, анасы жақсы, атасы жақсы, тегі дұрыс ұрпақ өскен. Ал қазір қыздың да, ұлдың да бесіктен белі шықпай жатып, жағымсыз жайттарға (темекі, арақ, есірткі) әуес болуы - ұрығынан уланып туылғандықтан.

Екіншісі тоғыз айдың ішіндегі ана құрсағындағы тәрбие. Осы кезде «жүрек тәрбиесі» ұсынылады. Құдіретті жүрек тәрбиесінің тәлімімен жанның он екі арнасы ашылады және бұл құдірет ана құрсағында ғана іске асады. Біздің халқымыз баланы құрсақта жатқан кезде тәрбиелеуді білген ғой. Соншама қайырымсыз және бодандық қоғам тұсында да Абай, Шәкәрім, Бауыржандай даналарымыздың өмірге келуі ана құрсағындағы тәрбиенің арқасында жүрек тәрбиесінің оянып туатындығынан болады. Қазір батысқа табынып, еліктеу басым болғандықтан, ата-бабамыздан қалған сол үрдіс те, сол дәстүр де ескерілмей келеді.

Үшінші – бал-бөбек кезеңі. Бұл баланың тілі шығатын уақыт. Қазіргі балабақшадағы тәрбие үкімді тәрбие, еуропа тәрбиесін үйретеміз. Ал, шынына келсек бала 4 пен 7 жас аралығында балабақшада болады. Осы кезеңдегі балаға табиғи қажеттілік «иманигүл» екені белгілі. Бұл Әл Фараби ашқан «иманигүл» ілімі. Мұны Абай жалғастыра келіп, иманигүлдік «үш сүюдің» мәнін ашады. Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю. 4-5 жастағы баланың ананы-мынаны сұрап, тыным таппайтындығының барлығы, «иманигүл» мен жан дүниесіндегі ояна бастаған табиғи талаптар. Міне, осыны ашудың орнына қайдағы бір өзге жат мәдениеттер ұсынған дүниелерді тықпалаймыз. Міне,

осы кезеңде ұлттық рухты енгізу керек сияқты, сонда бала таза қазақи тәрбие алады.

Төртінші - бала балиғат жасында, яғни 7-13 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды. Жетісінде гармондық жүйе бүршік жарады. Он үш жаста гүл атады. Міне, осы балиғат кезеңдегі алты жыл бастауыш сыныптарын қамтуға тиіс. Мұның, үш сыныбында таза ұлттық тәрбиені беру керек, ал қалған үш сыныбында ЭВМ бағдарламаларын оқыту керек сияқты. Себебі, тоғыз жастағы балаға логикалық жүйе дөп келеді. Логикалық жүйе келгеннен кейін барып, 4-6 сыныптарда бала әлемдік дүниені, тіл үйрену мәселесін жылдам қабылдайды.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде оның рухын оятып, санада сілкініс тудыру қажет. Рухты қазақи жолмен тәрбиелеп, қазақи уызда тойдырса ешқандай кедергіге шатылмай, қазақтың қамын ойлайтын азамат болып шығады. Рухани құндылығымыз күн санап сыртқы әсерден жойылып келді, әлі де жойылуда. Бұған заманды кінәлаймыз ба, әлде адамды кінәлаймыз ба?

Бүгінде бүкіл әлемде жүріп жатқан құбылыс - рухани дүниенің құлдырауы. Сенім мен рухани тәрбие болмаған жерде ештеңе болмайды. Бұл түптің түбінде тоқырауға әкелетін дүние.

Қазір ақпараттан күшті құрал жоқ. Қазіргі жастар кітап оқымайды. Тәрбиені теледидарданалуда. Телеарна, ондағы кинолар тәрбиенің өте үлкен құралы. Біз қазір теледидар арқылы берілетін тәрбиені ақсатып алдық. Балалар интернет желісі мен әлеуметтік желілердегі сайқымазақ пен тәрбиеге кері әсер ететін дүниелерді көреді. Қазақ киносының орнына шет елдердің фильмдері көрсетіледі. «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» киносындай дүниелер сирек. Қазақтың дәстүр-салтына байланысты тарихи, рухты көтеретін керемет дүниелер шығарылуы керек. Жаңадан шығып жатқан көптеген кинолар қазақты тек

қана күлкі қылып жатыр. Өз халқымыздың жүрегіне жетпеген дүниені, басқалар не қылсын.

Мені осы мақаланы жазуға итермелеген жәйт, он жылдай Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде педагог – психолог болып қызмет атқардым, және төрт ұл-қыз тәрбиелеп өсірдім. Көп жылдық өмір тәжірибем бар. Кейінгі жас ата-аналарға, жастарға көмегі тиер деген оймен осы мақаламды жазып отырмын. Ең өкініштісі, қазіргі жас ұрпақтың отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріне қарның ашады. Кейде руларын, жеті аталарын сұрағанда көпшілігі білмейді. «Жеті ата қазаққа не үшін керек?» атты тақырыпта тәрбие сағаттарын жиі өткізіп тұрса, келер ұрпақ жеті атасын, ағайын – туыстықтарын жетік білер еді. Келешек ұрпаққа өзіміздің тектілігімізді білдіртіп, саналарына құйып отырсақ, сонда ғана өз ұрпағымыздың, ұлағатты ұрпақ бола алатынына кәміл сенемін.

Ата – ана ретінде және педагог – психолог ретінде тәрбие туралы іс-шараларға қатысудамын. Мұнымды міндет етпеймін, мақтану үшін де айттып отырғаным жоқ, жастар тәрбиесіне араласуға барлық ата – ана қауымы міндетті деген ойымды білдіргім келеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, адамға ең бірінші иман керек. Иман-жүрек тазалығы. Ал жүректі тазалайтын рух, шындық атты сүзгі бар. Тарихты жасап кеткендерді «тірілту» арқылы ғана санада сілкініс тудыруға болады. Рухты оятпай жатып, басқа туралы сөз қылу да бос әурешілік. Меніңше қоғамда ұлттық тәрбие түзелгенде ғана жақсылықты армандап, жүзеге асыруға болады. Жастарды отандық рухта тәрбиелеуге шамам келгенше атсалысу – азаматтық парызым.

Ерқасым БАЕКЕЕВ,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің педагог – психологы

БІЗ – ҚАСҚАҚҰЛАННЫБЫЗ

Туған жер қандай көркем мөлдіреген,
Желегі желмен ойнап желбіреген.

Аралап күндіз – түні жүрсем-дағы,

Тыншымай ет жүрегім елжіреген.

Дәл осы шумақтарды 1960-шы жылдардың ортасында мектеп қабырғасында оқып жүргенде ән сабағында ұстаздарымыз үйретуші еді. Ол кезде балалықпен ештеңенің парқын түсінбейді екенбіз. Есейе келе бәрін көз алдыңа елестетіп, балалық шаққа ой жібереді екенсің.

Біз қатарлы бірсыпыра азаматтардың балалық шағы толқыны тулаған Арал теңізінің «Қасқақұлан» аулында өтті. Елдің негізгі кәсібі балық аулау болатын. Балықшы ауылдың баласы болғандықтан ойын баласы да тіршілік ортасына бейім келеді ғой. Асық пен ләңгі ойнаудан бөлек күн батып, қас қарайғанша доп қуалайтынбыз. Әр үйде моторлы қайық пен тіркеме қайық болатын. Жаз айында қопадан шөп дайындауға, қыс болса түйе, ат шанамен мұз үстінен қамыс оруға көмектесетінбіз.

Қайық үстінде қармақ салып, мөлдір су астындағы жемтікке таласқан балықты көріп, қызықтаушы едік.

Пішен жапырағынан қайық, қамысбұтағынан әртүрлі жануарлар бейнесін жасап жағалаудағы бақалшақты басбармаққа киіп, «төбелестіріп» мықтылығына таласып жататынбыз. Серіппелі сымнан жасалған құралмен адыраспан түйнегі мен атыспақ ойнап, бір-бірімізді қуалап кетуші едік.

Өзіміз тау дейтінбіз, әйтпесе төбе ғой. Сол төбеден оншақты бала түйе шанаға мінгесіп, төмен қарай құлдилап, қамыс қораларға соғып у-шу болып, әрең тарқасатынбыз. Ол кезеңдерде қар қалың, қыс қатты болатын.

Жаздың аптап ыстығында мұзқаладан (мұзқойма) халыққа мұз тарату үлкен бір мереке іспетті болатын.

Ауылдың батыс беткейінде аэропорт болатын. Таңертең Аралдан келетін самолеттің ұшу сәтіндегі ауа ағынымен көтерілген топыраққа көміліп, топ бала болып сол маңда жүретінбіз.

Балалық шақтағы елдің қатынас құралы самолёт пен кеме болғандықтан ба, өскенде летчик немесе капитан боламын деуші едік. Ол да бір арман екен ғой.

«Қасқақұлан» атауының шығу тарихын сол елден шыққан көнекөз қария Кеңес Сағидуллаев көкеміздің (марқұм) айтуынша, бұрынғы қарттардан естуінше былай баяндайды:

Алғаш мекендеуші халық

аралда (дария тайыз, теңіз шалшық болғанда) қалған Қасқа төбел құланды көреді.

Көшпен барған бір мерген сол құланды атып алып, аста қылған. Сондықтан да халық аралды осы атаумен атаған деген дерек келтіреді.

«Білгенімнен көп екен, білмегенім» демекші, үлкендердің айтуынша «Қасқақұлан» аулы көк теңіздің ортасында орналасқан, сан ұлт өкілдерінің басын қосқан, асыраушысы болған. Орта мектепте орыс кластары ашылған. Кейінірек соғыстан соң тұрмысы түзелген өзге ұлт өкілдері өз отандарына оралған көрінеді.

Оның дәлелі, әлі есімде 1970 жылдарға дейін Қалмақ АССР, Элиста қаласынан Лиджи Горяев, Алматы қаласынан Акрам Идрисов деген азаматтармен әкеміз хат алысып тұратын.

«Қасқақұлан» аралында №23-ші орта мектеп болатын. «Ұялы», «Көзжетпес», «Тоқпан», «Ұзынқайыр» ауылдарынан оқушылар келіп, орта білім алып шығатын. Сабақ басталмас бұрын мектеп маңындағы алаңқайда күнделікті 15-20 минуттық таңертеңгі жаттығу жасалатын. Денешынықтыру пәні мұғалімі Нұрылла Нүрекешов ағай болатын. Жаттығумен басталған сабақты бастауыш пән мұғалімдері: Сәнира (Гадәу) Мұсаева, Бекжан Жәкенов, Тәжмағамбет Дүйсенбиев, қазақ тілінен Кәмілжан Қонысбаев, тарихтан Іздібай Өтеулиев, Пахрадин Биімбетов, физика-математикадан Шамша Өтеулиев, Кәдір Дәуітов, Ұзақ Жұбаназаров ағайлар жалғастырып, оқушылар жүрегіне ізгілік гүлін септі.

Бала болсақ та байқаймыз, мерекелік шараларда сахна төрінде ел азаматтарына құрмет көрсетіліп жататын. Сөйтсек, олар үлкен марапат иелері екен.

Елден шыққан теңіз тарландары: «Ленин» орденді Нағашыбай Тәтенов, «Құрмет белгісі» орденді Қалқораз Құлниязов, «Еңбек Қызыл ту» орденді Смағұл Қосыбаев, Қазақ ССР-нің депутаттары: Күлпәш Бейсенова, Күләй Кенжебаева туған жерін елге танытқан еңбек адамдары.

Теңіз тартылып, 1960 жылдардың ортасынан бастап тірлігі толастаған халық Арал, Қазалы ауданының ауылдарына көш түзеді. Сол үлкен көшпен ағайынды Санай, Санияз Ибрашев, Әбдуәли, Әлшораз Құлниязов, Асан, Үсен Дәрібаев, Ізбасар, Әутен Махаталиев, Қарымсақ, Сағымбазар Өтегенов, Жоламан Сыдықов, Өмірзақ Алуадинов, Ізмағамбет Тұрғанбаевтар Қазалыға қоныс аударды. Мамандықтарын өзгертті, әр салада еңбек етті.

Есігінде ілінген ау-құралы,

Бесігінде толқын жайлы жыр-әні.

Теңіз көрген, кеме мінген әр үйде,

Ең кемінде бір балықшы тұрады,- деп ақын Ержеңіс Әбдіжырлағандай, теңіз тарландары ата-кәсіптен қол үзбей демалыс күндерінде аймақтағы көлдерден балық аулап, көрші-көлемге таратып жататын.

Қазалы қаласының оңтүстік батыс бөлігінде қоныстанған екі көше тұрғындарына Қазалы халқы «Балықшы ауыл» деп атау берген. Көздері болғанмен, өздері болмаған соң, бұл атау ұмыт бола бастады.

«Елу жылда ел жаңа».

Бұл күндері сонау жылдары елден көшкен кең пейілді, ешкімге болмасын демейтін, ақсақалдар мен әжелерімізді, өзім құрмет тұтқан ағаларым мен апаларымды сағыныштан еске аламын. Біз білетін асыл жандардың көбісі бұл күнде бақилық болған. Бәрінің де жаны жаннәттің төрінде болғай!

1990 жылы шілде айында мектеп бітіруші ағалардың 25 жылдық басқосуына сапарлап барған едім. Сол сәттегі елден көшкен үлкендеріміздің мектеп ауласындағы тал-дарақтарды құшақтап, көздеріне жас алғандары әлі күнге көз алдымда. Ол кезде сексеуіл алқабы жоқ, құм көшкіні басқан, бұзылған үй орындары ғана болатын. Кеме айлағына салынған жуан ағаштар түгелдей кесіліп, түбіртегі ғана қалыпты. Бір ғана темір қайықтың қаңқасы күн көзінде қақталып жатқан болатын.

Бұл күнде ұлы теңіз ұлтанын сексеуіл орманы басқан, құлан жортқан қу дала мекен. Елу жыл бұрын қазылған қос бұлақ суы әлі күнге ағып тұр. Қорықтағы құландарға тіршілік көзі іспетті.

Долы дауыл, долы дауыл, Алас ұрып, сақылдайды Ақжал теңіз, шалқар теңіз, Бұрқылдайды, сарқылдайды. Көк толқында, көп толқындар Ах ұрады, атылады, Сайысуға шақырады. Лапылдаған намыс қандай, Бейне қайсар арыстандай, Толқындармен алысады,

«Қасқақұлан» жігіттері,- деп ақын Серік Сейітмағамбетов жырлағандай, армандары асқақ, сол бір кездердің толқындарымен алысқан қасқақұландық жігіттер Жанұзақ аға Ережепов бастаған Қуандық Санаев (марқұм), Едіге Кішкенеєв (марқұм), Қошқар Құлниязов, Шудабай Ильясов, Болат Сәдуов, Мамай Өтемісов есімді алдыңғы буын ағалармен кездесіп тұрамыз. Сол бір сәттерде көк теңіздің тірліктері туралы ой қозғап әңгіме дүкен құрамыз. Ағалардың айтары көп, әңгімелері әсерлі, тыңдай бергің келеді.

Осы аталған ағалармен замандас болған «Қасқақұлан» түлегі, ақын Шынтемір Әмишаевтың (марқұм) 2012 жылы шыққан «Қайдасың, Қасқақұланым» атты кітабында туған жердің кейінгі көріністері шынайы баяндалады. Туған жер төсіндегі Шынтемір ағаның мектеп бітіруші достарымен қойған ескерткіш – белгі «Теңіз – тірліктің қайнар көзі, ел асыраушысы» болғанын дәлелдеп тұрғандай.

«Толқынды толқын қуады, Толқыннан толқын туады»

Аға буын өкілдерінің ізін басқан інілері: Қазыбек, Жаңбырбай, Серік, Ұзақ, Батырхан, Кенжебай, Жайқал, Аязбай, Байқошқар, Серғазы, Теңел, тағы басқа азаматтар ел үшін еңбек етіп, бұл күнде жетпістің жалына жармасып отыр.

Соңғы 10-15 жыл көлемінде елден шыққан азаматтар «Туған жерге тағзым» етіп, ата-бабалар рухына ас беріп, Құран бағыштауды дәстүрге айналдырды. Бұл игі шараға Астана, Алматы, Орал, Ақтөбе, тағы басқа аймақтардан келген ауылдастарымыздың кездесу сәтіндегі көңіл күйлері, ашық-жарқын әңгімелері, туған жерге деген ыстық ықыластары, сағынышқа толы сөздерін естіп, бір жасап, қаласың.

Соңғы бір сапарда эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыров ағамыз көшкен елдің ұрпақтарымен кездесіп, қонағы болды.

Ілгеріректе әулие Пәуәдин Садықов атамиздың айтқан бір сөзін басылым бетінен оқығаным бар еді.

«Арал теңізі жасанды жолмен емес, табиғи жолмен өздігінен толысып, қалпына келетін күн туады» деген. Ләйлім, солай болған! Әулие атамиздың тілегі қабыл болып, Шалқар теңіздің шағалары шулап, балықтары тайдай тулап, ұлы теңіз кемеріне келіп, балықшы ел кәсіптеріне еніп, табиғаты жайнап, тіршілігі қайнап жатқан кезеңді көруге жазсын келешек ұрпаққа!

Тамылжыған тамыз айында өткізілетін игі шараны ұйымдастыруда Иманәлиев Жеткербай аға бастаған Әбдірейімов Жылқайдар, Биманов Мінахат, Исаұлы Мырзаш (марқұм), Баймаханов Аймырза, естелік альбом-кітап шығарудағы Кенжебай Ережепов, Ақтолқын Тұрғанбаева, Нұржамал Махамбетжанова замандастарымыздың еңбегіне үлкен ризашылық білдіреміз.

Жарты ғасыр бұрынғы соңғы көштің куәгерлері ретінде туындаған осы бір ой-толғамымды баяндауды перзенттік парызым деп есептедім.

Қазыбай САНИЯЗОВ
Қазалы қаласы

ҚЫЗМЕТІ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАДЫ

«Денсаулық – зор байлық» дейміз. Алайда адам оның қадірін ба-сына сырқат түскенде біледі екен. Алаңсыз теміржол саласында жұмысымды атқарып жүргенімде 2021 жылдың мамыр айында жүрек-қан тамыры ауруына ұшырадым. Аяқ-асты оң жақ қол – аяғым істемей қалды, тіл де мүкістенді. Қиналғанымда мекен-жай бойынша есепте тұратын Қазалы теміржол ауруханасы ұжымының дәрігерлері көмекке келді. Солардың жасаған ем-

домының арқасында бетім бері қарап, өздігімнен жүретін жағдайға жеттім. Қазір мүмкіндігі шектеулі жандар сана-тындамын. Екі ай сайын білікті дәрігер Құбыл Ршымбетов басқаратын емдеу мекемесіне ба-рып, ақхалаттылардың қызметіне жүгінемін. Сонда неврология – нейроинсульт және ерте оңалту бөлімінің жауапты мейірбикесі Іңкәр Елубаева, оңалту орталығының емдеу – дене шынықтыру ма-маны Алмаш Мырзалиева, мейіргері Ақылбек

Өмірзақов, физиотера-пия бөлімінің жауапты мейірбикесі Аманкүл Әбжанова, мейірбике Фарида Досқали, терапия бөлімінің мейірбикесі Гүлхан Есмолдаева, сондай-ақ тазалықшы Ләззат Қаратаева келушілерге і з е т - і л т и п а т ы н көрсетіп, міндетті істерін адал атқарады. Олардың жұмысына сырқаттар қауымы дән ризашылығын білдіріп жатады.

**Мейрамбек
ӨТЕПОВ,
Әйтеке би кентінің
тұрғыны**

ҚАУЫН ШЫБЫНЫ – ӨТЕ ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕС

Қауын шыбы-ны – биологиялық Жыл сайын қауын шы-ерекшелігіне байланысты бынына қарсы химиялық өте қауіпті және жойылуы өңдеу жұмыстары екі қиын зиянкестердің бірі. реттен жүргізіліп кел-Ол бақша дақылдарын, ген. Ағымдағы жылы қауын, қарбыз және карантиндік зиянкес қияр дақылдарын қауын шыбынына қарсы зақымдайтын қауын жүргізілетін химиялық шыбынының дернәсілдері өңдеу жұмыстарына бақша дақылдарының етті республикалық бюд-шырынымен қоректенеді. жеттен қаражат бір рет химиялық өңдеу Залалданған жемістер жұмыстарын жүргізу үшін шіриді және жеуге жарам-бөлініп отыр. сыз болып қалады.

Қауын шыбынының ҚР «Өсімдіктер денесінің ұзындығы 5,5- карантині туралы» 5,6 мм, түсі қызғылт сары, Заңының 18-бабы 2-тармағына сәйкес жеке көздері өткір жасыл түсті. және заңды тұлғалардың Екі қанатының көлденең меншігіндегі және (неме- қызғылт сары үш қатар се) жер пайдалануындағы жолағы бар. Оның жер учаскелерінде басқа шыбындардан карантинді объектілер айырмашылығы кеудесі мен құрсағында бірнеше мен бөтен текті түрлердің қара дақтары болады. таралуын оқшаулау және Қауын шыбыны 2-3 ұрпақ жою жөніндегі іс-шаралар беріп дамиды. Шыбынның жеке және (немесе) заңды құрттары қуыршақтанады. тұлғалардың қаражаты қуыршақтар 5-15 см есебінен жүргізіледі тереңдікте топырақта делінген. қыстайды. Ауа райының Сондықтан, 2023 қолайлы жағдайында одан жылы қауын шыбы- шыбындар ұшып шығып, нына қарсы бір рет- қауын түйнектеріне 4-5 тен кейінгі жүргізілетін күннен кейін қонады. химиялық өңдеуді жеке Бір түйнекке 60-70 және заңды тұлғалар жұмыртқадан салады. өз қаражаты есебінен Жұмыртқадан шыққан а т қ а р ы л а т ы н д ы ғ ы н дернәсілдер қауын ескертемін.

түйнегін зақымдайды. Осы аталған іс- Қауын шыбынының шаралар жүйелі түрде таралуын тоқтату үшін жүргізілгенде ғана агротехникалық шаралар карантиндік зиянкестің қатаң сақталуы қажет, таралуын азайтуға бола- яғни күзде сүдігер жырту, ды. Күзде агротехникалық зақымдалған түйнектерді шаралар орындалмағанда 80-100 см тереңдікке «Өсімдіктер карантині ту- көму, былтырғы егілген ралы» Заңды басшылыққа жерлерден 15-20 км алып шара көріледі қашықтыққа дақылдарды және қауын шыбы- егу. Химиялық өңдеу нымен залалданған жұмыстары Кордиал, бақша өнімдерін сыртқа Комбат, Корвет препарат- тасымалдауға тыйым са- тарымен маусым ішінде лынады.

арасы 10-12 күннен 4-5 ретке дейін өңделуі қажет. Карантиндік зиянкес-қауын шыбынына қарсы жүргізілетін химиялық өңдеу жұмыстарын Қызылорда қаласы «Фитосанитария» РМК

**М. ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК
Қазалы аудандық
аумақтық
инспекциясының
өсімдіктер карантині
жөніндегі
инспекторы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС!

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» туралы Заңы қабылданғаннан бастап, мемлекет тарапынан бұл бағыттағы іс шаралар дәйекті-деректі негізде іске асырылып келеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс әрекеттермен мемлекеттік мекемелер мен лауазымды тұлғалар ғана емес бүкіл қоғам айналысса бұл құбылыс мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қатысты қуатты құралына айналмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» туралы заңның мақсаты-азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Соған сәйкес аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тура-лы» заңын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын»,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар атқаруда.

Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде заң талаптарын тереңірек ұғыну мақсатында 2022-2023 жылдары 12 рет құқықтық оқу өткізілді. Қазіргі таңда мекеме заң талаптары аясында жұмыс атқаруда. Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының заңдылықтарының толық сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің заңсыз әрекеттерге қарсы күрес жүргізуіне ықпал ету мақсатында жұмыстар жүргізіледі.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Сыбайлас жемқорлық кез-келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізеді. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республи-касы азаматтарының азаматтық бо-рышы.

**«Қазалы ауданының
жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар
және азаматтық хал актілерін
тіркеу бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.